

**"Қызылорда облысының аумағында құрылыс салу Ережесін бекіту туралы"
Қызылорда облыстық мәслихатының 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 282 шешіміне
өзгеріс енгізу туралы**

Күшін жойған

Қызылорда облыстық мәслихатының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 144 шешімі.
Қызылорда облыстық Әділет департаментінде 2009 жылғы 08 мамырда N 4229
тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 2013 жылғы 10
шілдедегі N 123 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облыстық мәслихатының 10.07.2013 N
123 шешімімен.**

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі
басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы
Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына, "Қазақстан
Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы"
Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 21-бабының 4)
тармақшасына және "Объектілерді салу үшін бастапқы материалдарды (
деректерді) және рұқсат беретін құжаттарды ресімдеу мен беру тәртібін оңайлату
жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008
жылғы 6 мамырдағы N 425 қаулысына сәйкес Қызылорда облыстық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Е Д І :

1. "Қызылорда облысының аумағында құрылыс салу Ережесін бекіту туралы"
Қызылорда облыстық мәслихатының 2006 жылғы 20 сәуірдегі N 282 шешіміне (
нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4157 нөмірімен
тіркелген, облыстық "Сыр бойы" газетінің 2006 жылғы 24 мамырдағы N 105, "
Қызылординские вести" газетінің 2006 жылғы 25 мамырдағы N 96 сандарында
жарияланған) мына өзгеріс енгізілсін:

аталған шешіммен бекітілген Қызылорда облысының аумағында құрылыс
салу Ережесі осы шешімнің қосымшасына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

**Қызылорда облыстық мәслихатының
XV сессиясының төрағасы** **I. Баймұханов**

	<i>Қызылорда</i>		<i>облыстық</i>
<i>мәслихатының хатшысы</i>	<i>Н. Құдайбергенов</i>		
Қызылорда	облыстық		мәслихатының
	2009	жылғы	27 наурыздағы
N 144 шешіміне қосымша			
	Қызылорда	облыстық	мәслихатының
2006	жылғы	20	сәуірдегі
N 282 шешімімен бекітілген			

Қызылорда облысының аумағында құрылыс салу ЕРЕЖЕСІ

1. Қызылорда облысының аумағында құрылыс салу Ережесі Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2001 жылғы 16 шілдедегі "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңдары және "Объектілерді салу үшін бастапқы материалдарды (деректерді) және рұқсат беретін құжаттарды ресімдеу мен беру тәртібін оңайлату жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 мамырдағы N 425 қаулысы негізінде әзірленген.

2. Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі:

1) оның қоршаған ортаға әсерін бағалауды ескере отырып ҚР Экологиялық кодексінде белгіленген объектілердің жіктелуіне сәйкес жүзеге асырылуға және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды көздейді.

2) халықтың, аумақтар мен елді мекендердің қауіпті (зиянды) табиғи және техногендік, антропогендік құбылыстар мен процестердің әсер етуінен қауіпсіздігі жөнінде заңнамамен белгіленген талаптарды қамтамасыз ету ережелеріне негізделеді;

3) заңнамамен белгіленген тәртіппен тарих және мәдениет ескерткіштері мен қорғалатын ландшафтық объектілер деп танылған аумақтар мен объектілердің сақталу талаптарына негізделеді.

3. Халықтың демалуына арналған аумақты таңдау кезінде қорғалатын ландшафтық объектілер мен тарихи және мәдени ескерткіштерге жатқызылған объектілердің болуы ескерілуі қажет.

4. Меншік иелері не жер пайдаланушылар жер учаскелерін құрылыс салу үшін (коммуникацияларды жүргізу, аумақты инженерлік жағынан дайындау, абаттандыру, көгалдандыру және учаскені жайғастырудың басқа да түрлерін қоса алғанда) пайдалануды заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілген жобалау

құжаттамасына сәйкес және нысаналы мақсатын немесе сервитутты, аумақты аймақтарға бөлуді, қызыл сызықтарды және құрылыс салуды реттеу сызықтарын, құрылыс салу мен оны пайдалану ережелерін сақтай отырып қана жүзеге асыра
а л а д ы .

5. Қызылорда облысының аумақтарында құрылыс жұмыстарының барлық түрлері белгіленген тәртіпте, жергілікті атқарушы органдар тарапынан жеке және заңды тұлғаларға берілетін рұқсат етуші құжаттар болғанда жүргізіледі.

6. Жеке және заңды тұлғалар (тапсырыс берушілер) жобалау құжаттамасы бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындысы негізінде мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы органынан жұмыстар жүргізуге рұқсат алады.

7. Іргелес аумақтарда, үйлерде және ғимараттарда тіршілік іс-әрекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ыңғайлы технологиялық процесті ұйымдастыру және құрылыстың эстетикалық қабылдауын қалыптастыру мақсатында объектілердің немесе кешендердің құрылысы кезеңінде құрылыс алаңын абаттандыру, жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарымен келісілген құрылыстың бас жоспарына және жұмыстарды жүргізу жобасына сәйкес қоршаулар жасау, кірме жолдар мен жаяу жол өткелдерін ұйымдастыру, автокөлікті жуу және басқа да іс-шаралар көзделеді.

8. Салынған объектілерді пайдалануға қабылдау Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі мен "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңымен реттеледі.

9. Салынған объектіні пайдалануға қабылдауды мемлекеттік қабылдау комиссиясы немесе қабылдау комиссиясы оның бекітілген жобаға сәйкес толық әзірлігі және жұмыс комиссиясының оң қорытындысы болған жағдайда жүргізеді .

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 74-бабында көзделген жекелеген жағдайларда салынған объектіні пайдалануға қабылдауды меншік иесі (тапсырыс беруші, инвестор, құрылысты салушы) дербес жүргізеді .

10. "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңының 74-бабында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік қабылдау комиссиясының немесе қабылдау комиссиясының оң шешімі болмайынша, салынған объектіні пайдалануға жол берілмейді.

11. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының салынған объектілерді пайдалануға қабылдау туралы актісі (ал мемлекеттік нормативте белгіленген жағдайларда қабылдау комиссиясының актісі) дайын құрылыс өніміне мүлкітік

құқықты тіркеу кезінде бастапқы ерекше құжат болып табылады.

12. Қабылдау актісін бекітуді мемлекеттік қабылдау комиссиясын тағайындаған инстанция жүргізеді.

Қабылдау актісін бекіту:

1) өндірістік мақсаттағы объектілер бойынша - актіге қол қойылған күннен бастап бір айдан аспайтын мерзімде;

2) тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілер бойынша - актіге қол қойылған күннен бастап (жеті күннен) аспайтын мерзімде жүргізіледі.

13. Комиссияны тағайындаған инстанцияның объектіні пайдалануға қосу туралы актіні бекіткен күні мемлекеттік қабылдау комиссиясы қабылдаған объектінің пайдалануға қосылған күні деп есептеледі.

14. Мемлекеттік қабылдау комиссиясының немесе қабылдау комиссиясының нақты объект бойынша өкілеттіктері олардың тағайындалған кезінен басталады және объектілерді пайдалануға қабылдау туралы акт бекітілген кезден бастап тоқтатылады.

15. Жұмыс комиссиясының нақты объект бойынша өкілеттіктері оның тағайындалған кезінен басталады және пайдалануға қосылған объектіні кешенді тексеру жөнінде заңдарда белгіленген тәртіппен ресімделген қорытынды тапсырысшыға берілген кезден бастап тоқтатылады.

16. Тұрғын аумақтарға құрылыс салу қалалардың және облыстың елді мекендердің бекітілген бас жоспарына сәйкес орындалған құрылыс салу жобасы бойынша жүзеге асырылады.

17. Жаңа тұрғын үй құрылысын салуда өмір сүрудің жайлы жағдайларын қамтамасыз ететін, тұрғындарға инженерлік қызмет көрсетулер мен әлеуметтік кепілді минимуммен қамтамасыз етілген қала құрылысы кешені түріндегі тұрғын үй орталығын қалыптастыру қарастырылады.

18. Тұрғын аумақтарға құрылыс салу сәулет-қала құрылысы құжаттамасының негізінде жүзеге асырылады.

19. Объектінің немесе кешеннің құрылысын жүзеге асыру барысында жеке және заңды тұлғалармен (тапсырыс берушілермен) мүгедектердің ыңғайлы қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында арнайы құрылғылар қарастырылуы қажет. Объектілерде және кешендерде мүгедектердің қозғалысы үшін арнайы құрылғыларды орнату қажеттілігі жергілікті сәулет және қала құрылысы органдарымен (қызметтерімен) дайындалған сәулет-жоспарлау тапсырмасымен анықталады.

20. Қала құрылысы қызметіне бақылау жасау мемлекеттік қала құрылысы нормативтері мен ережелеріне, бас жоспарға және басқа қала құрылысы құжаттамасына сәйкес қала құрылысы саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыруды қамтамасыз етуге бағытталған.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК